



Мырзатай Серғалиев

Стилистика негіздері

Орындаған: Ізбас А.А.

Тексерген: Әбдікәрім Т.М.

Серғалиев Мырзатай Серғалиұлы
Стилистика негіздері: Оқулық. - Астана:
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006.-273б.

Пән мақсаты:

- ❑ ЖОО-нда қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика мамандықтары бойынша білім алып жатқан студенттерге сөздің қолданылу заңдылықтары туралы ғылыми-теориялық мәлімет беру;*
- ❑ тіліміздің икемділігі мен байлығына деген студенттердің сезімі мен сенімін арттыра түсу;*
- ❑ стилистиканың жалпы мәселелерінен хабар беру;*
- ❑ кейінгі жылдардағы стилистикалық ізденістер мен қол жеткен табыстарды ескеру.*

Қарастырылатын мәселелер:





1. ЖАЛПЫ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

1.1. ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКА ПӘНІ

1.2. СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ТІЛ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

1.3 . ТІЛ ЭКОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ТІЛДІҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ-СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ

1.4. ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРЫ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ

1.5. СӨЙЛЕУ ҚОЛДАНЫС ТІЛІ МЕН ЖАЗБА ҚОЛДАНЫС ТІЛІ

1.6. ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ ЛИНГВИСТИКАСЫ





**1.7. СӨЙЛЕУ ҚОЛДАНЫС ТІЛІ МЕН ЖАЗБА
ҚОЛДАНЫС ТІЛІ**

1.8. СТИЛИСТИКАЛЫҚ КОННОТАЦИЯ

**1.9. ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ СТИЛИСТИКАНЫҢ
СТИЛЬДІК БЕЛГІЛЕРІ**

1.10. СТИЛИСТИКАЛЫҚ НОРМА

**1.11. ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ БАСҚА
ҒЫЛЫМИ КУРСТАРМЕН АРАҚАТЫНАСЫ**

**1.12. СТИЛИСТИКАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ
СТИЛИСТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН
МАҢЫЗЫ**





2. ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ СТИЛИСТИКА

2.1. ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ СТИЛЬДІ ТУДЫРУШЫ ФАКТОРЛАР. ШАҒЫН СТИЛЬДЕР ЖӘНЕ ЖАНРЛАР

2.2. АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ

2.3. РЕСМИ СТИЛЬ

2.4. ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

2.5. ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬ

2.6. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ СТИЛІ



ЖОСПАР:

- 1. ТІРЕК СӨЗДЕР*
- 2. ТАҚЫРЫП БОЙЫНША
ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ*
- 3. ТАҚЫРЫПҚА САЙ МӘТІНДЕР*
- 4. ТҰЖЫРЫМДАМА*
- 5. ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ.*

I БӨЛІМ БОЙЫНША

Тірек сөздер: *стилистика, лингвистикалық стилистика, тіл деңгейлері, тілдің функциональдық-стильдік тармақтары, тіл ресурстары стилистикасы, функциональдық стилистика, синхрондық және диахрондық стилистика, теориялық және практикалық стилистика, стилистикалық бояу, стилистикалық құрылым, стилистикалық белгі, стилистикалық коннотация, стилистикалық норма.*

❖ Лингвистикалық стилистика дегеніміз- қарым-қатынастың әр түрлі жағдайлары мен аяларына байланысты, мазмұн мен мақсатқа сәйкес құралған шығармадағы тілдік құралдардың мәнерлегіштік мүмкіндіктерін, стилистикалық бояулары мен мағыналарын, қолдану заңдылықтарын, қолданыс тілінің құрылымын тілдік тұрғыдан зерттейтін сала.

❖ Лингвистикалық стилистикада басты назарда болатын екі бағыт бар. Олардың бірі- мәтіннен тысқары стилистикалық ресурстар, бұл аспектіні тіл ресурстары стилистикасы деп те атайды. Ал екіншісі тілдің қоғамның әр түрлі аяларында қолданысқа түсу заңдылықтары, яғни тілдік құралдардың мәтін ішінде жұмсалып жататын заңдылықтары; бұл аспектіні функциональдық стилистика деп атайды.

❖ Әңгіме өзегі болатын материалдың ғылыми тереңдігі мен нақтылы шығарманы немесе мәтінді түсіндіру үстіндегі деректерді талдауға байланысты теориялық стилистика және практикалық стилистика деп бөлушіліктің де қисыны бар.

Синхрондық стилистика белгілі бір тілдің, айталық, қазақ тілінің қазіргі факторларын стилистикалық зерттеудің арқауы етеді. Диахрондық стилистика стилистикалық құбылыстарды зерттеу үшін өзінің арқауы етіп тіл тарихының материалын алады.

Стильдік белгі дегеніміз- белгілі бір функциональдық стильдің даралығын, басқа стильдерден өзгешелігін танытатын қасиеті.

Стилистикалық норма дегеніміз- қарым-қатынас аясындағы қолданыс тілінің мақсатына, міндетіне және мазмұнына сай, тарихи жағынан қалыптасқан тілдік мүмкіндіктердің жүзеге асу қағидаты, ұстанымы. Оның үш шарты бар: дұрыстық, дәлдік, эстетикалық шарт.

ІІ БӨЛІМ БОЙЫНША

Тірек сөздер: қолданыс тілі, шағын стильдер, ауызекі сөйлеу стилі, ресми стиль, ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі, әр стиль түрлерінің морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық ерекшеліктері.



Ауызекі сөйлеу стильдің экстралингвистикалық белгілері:

- *қарым-қатынастың бейресмилігі мен еркіндігі;*
- *сөйлеушінің сөзге тікелей араласуы;*
- *қолданыс тілінің алдын-ала дайындықсыздығы;*
- *әдеби тілден тыс элементтердің қолданылуы;*
- *диалогтің жетекші орын алатындығы;*
- *жіктеу есімдігі мен конструкциялардың көп пайдаланылуы;*
- *субъективтік баға беруші тілдік құралдардың жиілігі, т.б.*



Ресми стильдің лингвистикалық белгілері:

- *тілдік құралдарды қысқа қолдану;*
- *материалдардың стандарт түрде орналасуы;*
- *терминдердің мол жұмсалуды;*
- *баяндаудың жүйелі сипаты;*
- *сөздердің дағдылы орын тәртібі;*
- *эмоциональдық- экспрессивтік сөздердің аз қолданылуы, т.б.*



Ресми стильдің құрамында үш шағын стиль болады:

- *таза заң (заң, жарлық, азаматтық және қылмысты іс актілері);*
- *әкімшілік-кеңсе (өкім, бұйрық, өтініш, өмірбаян, қолхат, сенімхат, т.б.*
- *дипломатиялық ресми (нота, мазмұндама, меморандум, келісім).*

Ғылыми стиль

Ғылыми стильдің **мақсаты**- бізді қоршаған шындықты мүмкіндігінше дәл және толық түрде түсіндіру, құбылыстардың арасындағы байланыстардың себептері мен тарихи дамудың заңдылықтарын ашу.

Ғылыми стильдің басты үш шарты:

- логикалылық
- айқындылық
- дәлдік.

Ғылыми стильдің шағын түрлері:


- таза ғылыми шағын стиль
- оқулық — ғылыми шағын стиль
- көпшілікке арналған ғылыми шағын стиль.

Публицистикалық стильдің экстралингвистикалық белгілері:

- Хабардың толыққанды болуы;*
- баяндаудың:*
 - А) нақтылығы*
 - Б)факографиялығы*
 - С)логикалығы*
 - Д)ықшамдылығы*
 - Е) экспрессивтігі мен эмоциональдығы*
 - Ж) қимыл-әрекетке итермелеуі.*

Лингвистикалық белгілері:

- Сөздердің үнемдеп қолданылуы*
- Ұтымды сөздер*
- Қоғамдық-саяси лексика мен фразеологияның публицистикалық ыңғайда кірістірілуі*
- Басқа стильдердің тілдік құралдарының жұмсалуды. [5,115 б.]*

A decorative scrollwork element with intricate, symmetrical flourishes, rendered in a light gray or silver tone, positioned at the top and left side of the slide.

*Көркем әдебиет стилі
функциональдық стильдердің басқа
түрлерінен өзінің құрылымы
жағынан ерекшеленеді. Құрамының
барынша бай болуы көркем әдебиет
тілінің басты ерекшелігі. Басқа
стильдерге қарағанда көркем
әдебиет стилінде эстетикалық
қызмет басым болады.*

Мәтін

Кабель арматурасы- кабельдерді бір-бірімен механикалық немесе электрлік әдіспен жалғауға, оларды электр линиялары мен қондырғаларына қосуға арналған жабдық. Кабель арматурасының құрамында кабель муфтасы, воронка, қаптама, т.б. болады. Кабель муфталарын монтаждау үшін кабель гарнитуры қолданылады. Бұған жалғауыш және тармақтауыш гильзалар, кабельдік ұшықтар, кергіш фарфор табақшалар, изолятор, жермен жалғастыратын сым арқан жатады (Қазақ совет энциклопедиясы).

◎ Тұжырымдама

Дыбыстардан бастап күрделі синтаксистік тұтастық пен толық мәтінге дейінгі бірліктердің қай-қайсысы да стилистиканың зерттеу нысаны болып табылады. Сөзді немесе одан күрделі конструкциялардың мәнерлегіштік қасиетін қарастыру да стилистиканың қарауына жатады. Стилистиканың басқа деңгейлерден ең басты айырмашылығы – зерттеу нысанын басқа қырынан, мәнерлілік, қолданудағы нақтылық пен дәлдік тұрғысынан қарастыратындығында. Кез келген деңгейдегі тілдік құралдарды ол осылайша зерттейді.

Функциональдық стильдердің қай-қайсысы да белгілі бір заңдылықтың нәтижесінде пайда болады. Функциональдық стильдердің пайда болуына лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар ықпал етеді. Функциональдық стильдің әрқайсысының өз ішінде шағын стильдері болады. Соның ішінде көркем әдебиет стилін шағын стильдерге ажыратуда оның жанрлық ерекшеліктеріне байланысты топтары сөз етіледі. Қарым-қатынас жағдайына байланысты қолданыс тілі бірнеше түрлерге бөлінеді.

ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:

Мыналардың қайсысы лингвистикалық стилистиканың түріне жатпайды?

- А) жалпы стилистика*
- Ә) күрделі стилистика*
- Б) салыстырмалы-салғастырмалы*
- В) ішінара стилистика*
- Г) дара стилистика*

Қарым-қатынас аясына сай тілдік мүмкіндіктердің жүзеге асу қағидаты, ұстанымы не деп аталады?

- А) стильдік белгі*
- Ә) стильдік таңба*
- Б) стильдік норма*
- В) стилистикалық құрылым*
- Г) стилистикалық коннотация*

Әкімшілік-кеңсе шағын стиліне не жатады?

а) жарлық

Ә) мазмұндама

Б) меморандум

В) жарғылар

Г) бұйрық.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,

Өлеңі бәрі жамау, бәрі құрау.

Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,


Кемшілігі әр жерде-ақ көрінеу тұр-ау!

Мақсатым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,

Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.

Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,

Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.



*Назарларыңызға
рахмет!*